



Бекітемін

«№ 37 НОМ» КММ

директордың м.а.

Т.А.Супрунук

ЕРЕЖЕ

шағын орталықтың консультациялық пунктiнiң жұмысы туралы «№ 37 НОМ» КММ жанындағы

1. Жалпы ережелер

Мектепке дейiнгi тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған мектеп жасына дейiнгi балалардың ата-аналарына (заңды өкiлдерiне) арналған консультациялық пункт шағын орталық базасында ұйымдастырылады және Мектепке дейiнгi тәрбие мен оқытудың үлгiлiк оқу бағдарламасын iске асыратын мектепке дейiнгi бiлiм беру ұйымының құрылымдық бөлiмшесi болып табылады.

Консультациялық пункт мектеп жасына дейiнгi балаларды тәрбиелеу мен дамытуда отбасына көмек көрсетудiң бiр нысаны болып табылады.

Мектепке дейiнгi тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған мектеп жасына дейiнгi балалардың ата-аналарына (заңды өкiлдерiне) арналған Консультациялық пункттiң қызметi мектепке дейiнгi ұйым мен ата-аналардың (заңды өкiлдердiң) өзара мiндеттемелерi туралы шартқа сәйкес тегiн негiзде жүзеге асырылады.

2. Консультациялық пункттiң жұмыс iстеу мақсаты мен мiндеттерi

Ата-аналарға (заңды өкiлдерге) арналған Консультациялық пункттiң жұмысы бiлiм беру саласындағы мемлекеттiк саясат қағидаттарын iске асыруға, мектеп жасына дейiнгi балаларды үй жағдайында тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетуге бағытталған.

Консультациялық пункттiң мақсаты: мектеп жасына дейiнгi балаларды үй жағдайында тәрбиелеп отырған отбасыларға диагностикалық, консультациялық және әдiстемелiк көмек көрсету.

Консультациялық пункттiң мiндеттерi:

- ата-аналарға (заңды өкiлдерге) консультациялық қолдау көрсету және балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерiнде олардың педагогикалық құзыреттiлiгiн арттыру;
- белгiлi бiр себептермен бiлiм беру ұйымдарына бара алмайтын балалардың әлеуметтенуiне көмектесу.

3. Консультациялық пункт қызметiн ұйымдастыру

Консультациялық пункт қызметi аясында мыналар жүзеге асырылады:

- диагностикалық көмек – баланы психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерделеу, баланың жеке ерекшелiктерi мен бейiмдiлiктерiн, оның әлеуеттi мүмкiндiктерiн анықтау, сондай-ақ дамуындағы және әлеуметтiк

бейімделуіндегі бұзылыстардың себептері мен тетіктерін анықтау, баланы одан әрі дамыту мен тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу;

- консультациялық көмек;
- психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды (заңды өкілдерді) баланың физиологиялық және психологиялық даму ерекшеліктері, тәрбиелік ықпал етудің негізгі бағыттары, дағдарыстық жағдайларды еңсеру мәселелері бойынша ақпараттандыру;
- әдістемелік көмек – ата-аналарды (заңды өкілдерді) ағарту, туындайтын отбасылық мәселелердің алдын алуға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы ақпараттандыру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, отбасында жағымды қарым-қатынас орнату; баланың жеке даму ерекшеліктеріне негізделген түзету және дамыту технологияларымен таныстыру, ата-аналарды отбасы жағдайында тәрбие процесін ұйымдастыруға үйрету.

Консультациялық пункт қызметінің негізгі нысандары: ата-аналардың (заңды өкілдердің) сұранысы бойынша қажетті жеке және топтық консультациялар беру, жазбаша өтініш бойынша қашықтан консультация ұйымдастыру, ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған дәрістер, теориялық және практикалық семинарлар ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйымның сайтында консультациялар мен әдістемелік ұсынымдарды орналастыру, шағын орталық мамандарының мектеп жасына дейінгі балаларға диагностикалық тексеру жүргізуі.

Отбасылармен консультациялық жұмыс мамандар қызметінің ықпалдастығы негізінде құрылады: басшы, әдіскер, тәрбиеші, медицина қызметкері, психолог және басқа да мамандар.

Консультациялық пункт жұмысына тартылатын мамандардың саны мектепке дейінгі ұйымның түріне және оның кадрлық құрамына қарай айқындалады. Консультациялық пункт қызметін тіркеу үшін мынадай құжаттаманы жүргізу қажет:

- ата-аналарды алдын ала жазу журналы;
- өткізілген іс-шаралар кестесі және ата-аналардың (заңды өкілдердің) өтініштерін есепке алу журналы;
- консультациялық пункттің жұмыс жоспары;
- консультациялық пункттің жұмыс кестесі;
- жылдық жұмыс талдауы.

Консультациялық пункттің жұмыс кестесін ұйым басшысы бекітеді.

4. Консультациялық пунктті басқару және оған басшылық ету

Консультациялық пунктке тікелей басшылықты шағын орталықтың басшысы жүзеге асырады.

Басшы консультациялық пункттің әрбір қызметкерінің лауазымдық (функционалдық) міндеттерін айқындайды.

5. Консультациялық пункттің педагогикалық процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

Консультациялық пунктте жүзеге асырылатын педагогикалық процеске қатысушылар: балалар, ата-аналар (заңды өкілдер), шағын орталық педагогтері.

Консультациялық пункт педагогтері міндетті:

- ата-аналар арасында педагогикалық білімді белсенді түрде тарату;
- бала тәрбиесінде отбасына практикалық көмек көрсету;
- ата-аналарды консультациялық пункттің педагогикалық қызметіне тарту;
- балалармен диагностикалық және түзету жұмыстарын жүргізу.

Консультациялық пункт педагогтерінің құқықтары:

- жеке тұлғаға бағдарланған тәсіл негізінде балалармен өткізілетін сабақтардың бағдарламасын әзірлеу;
- жұмыста қажетті әдістемелік әдебиеттер мен құралдарды пайдалану;
- консультациялық пункттің жұмыс жоспарын құрастыру;
- ата-аналарды балалармен жүргізілетін жұмысқа белсенді қатысуға тарту;
- балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыс істеуге арналған бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды таңдау.

Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті:

- консультациялық пункттің жұмыс тәртібін сақтау;
- консультациялық пункт педагогтерінің ұсынымдарын орындау.

Ата-аналардың (заңды өкілдердің) құқықтары:

- консультациялық пункттің жұмысына қатысу;
- балалармен өткізілетін сабақтарға қатысу;
- баланы тәрбиелеу мен дамытуда қажетті көмек алу;
- консультациялық пункттің жұмысы бойынша ұсынымдар беру, ұсыныстар енгізу.